

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ**



**АКИМ
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

040800, Алматы облысы, Қонаев қаласы,
Индустральная көшесі, 16/4,
тел./факс: +7 /72772/ 4-45-51
БСН 000640002245, E-mail: akimat@almobl.gov.kz

040800, Алматинская область, город Қонаев,
Улица Индустральная, 16/4,
тел./факс: +7 /72772/ 4-45-51
БСН 000640002245, E-mail: akimat@almobl.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ауыл» партиясы» фракциясының
депутаттары**

**«АМАНАТ» партиясы
фракциясының депутаттары**

*2025 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-146 хатқа*

Алматы облысы әкімдігі, балық шаруашылығы саласына байланысты депутаттық сауалға келесіні хабарлайды.

Облыста тауарлы балық өсірумен 42 балық шаруашылығы айналысады. (Анықтама үшін: 2023 жылы тауарлық балық өсірумен 35 шаруашылық айналысты – 2024 жылы 15 % өсті).

2024 жылы тауар өндірушілер 4482,5 тонна тауарлық балық өсірді (Анықтама үшін: 2023 жылы 4488,9 тонна тауарлық балық өсірілді).

Балық шаруашылығын дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында, 2025 жылға акваөсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамыту үшін бюджеттен 300,0 млн.теңге субсидия бөлініп және балық шаруашылығы субъектісінің инвестициялау кезінде шеккен шығындарының бір бөлігін өтеу үшін 200,0 млн. теңге қарастырылып, қазіргі таңда өтінімдер қабылдануда (анықтама үшін: 2024 жылы жергілікті бюджеттен 300,0 млн.теңге бөлініп, 74 өтінім бойынша толық игерілді, балық

шаруашылығы субъектісінің инвестициялау кезінде шеккен шығындарының бір бөлігін өтеу мақсатында 4 өтінім бойынша **118,7** млн.теңге субсидия төленді).

Сонымен бірге, биоәртүрлілікті сақтау және балық қорын көбейту мақсатында 40,0 млн. теңге бөлініп, 470 мыңнан астам тұқы тұқымдас балығы шабақтарымен балықтандыруға қазан-қараша айларына жоспарланып отыр. (Анықтама үшін: 2024 жылы Іле өзені мен Қапшағай су қоймасының резервтік балық шаруашылығы учаскелерін **117** мыңнан астам тұқы балығы шабақтарымен балықтандыруға жергілікті бюджеттен **10,0** млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді).

Балық шаруашылығын дамыту жоспарлары шеңберінде 2024 жылы Қапшағай су қоймасының табиғат пайдаланушылары 13067,0 мың теңгеге 183,6 мың дана, Балқаш көлінің табиғат пайдаланушылары 19150,0 мың теңгеге 312,1 мың дана, Іле өзенінің атырауының табиғат пайдаланушылары 6060,0 мың теңгеге 89,3 мың дана, жергілікті су айдындарының табиғат пайдаланушылары 700,0 мың теңгеге 10,0 мың дана шабақтарымен су айдындарын балықтандырды.

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 09 қарашадағы № 483 қаулысымен «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі жедел қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай-Мекеме) құрылған.

Мекеме, Алматы облысының аңшылық алқаптарын және балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғау функцияларын жүзеге асыру үшін, мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

Жыл басынан 50 рейд өткізіліп, нәтижесінде 44 табиғат заңдылығы бұзу фактілері анықталып, 44 бұзушылықтардан 174540 теңгесі өндірілді (2024 жылы 145 рейд өткізіліп, нәтижесінде 266 табиғат заңдылығы бұзу фактілері анықталып, 4,8 млн. теңгесі өндірілді).

Облыс әкімі

М. Сұлтанғазиев

**ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ**



**АКИМ
ЖАМБЫЛСКОЙ
ОБЛАСТИ**

080008, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 125 үй
тел: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28
e-mail: obl.kense@zhambyl.gov.kz

080008, город Тараз, проспект Абая, дом 125
тел: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28
e-mail: obl.kense@zhambyl.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2025 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-146 депутаттық сауалға*

Жамбыл облысының әкімдігі «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі балық шаруашылығын дамытудың мәселелері» бойынша депутаттық сауалға келесіні хабарлайды.

Бірінші мәселе бойынша:

Қолданыстағы Заңнамалардың талаптарына сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Алайда, тиісті нормалардың болмауына байланысты көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы мақсатында бекітілген балық шаруашылығы су айдындарына бақылау және қадағалау жүргізе алмайды.

Осыған орай, Заңға уәкілетті органның, аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствосының құзыретіне көлде-тауарлы балық өсіру шаруашылығы мақсатында бекітілген балық шарашылығы су айдындарына жүйелі түрде бақылау және қадағалау жүргізу функциясын енгізуді қолдаймыз.

Екінші мәселе бойынша:

Жамбыл облысы әкімдігінің коммуналдық меншігінде 113 су қоймасы мен бөгеттер тіркелген. Қазіргі уақытта оның 63-і балық шаруашылығы мақсатында пайдаланылады. Бүгінде аталған гидротехникалық құрылыстардың жағдайы қанағаттанарлық және су пайдаланушыларға қауіп төндірмейді.

Үшінші мәселе бойынша:

Қазіргі таңда браконьерлер электр тогымен балық аулауды қолдануда. Бұл проблеманы шешу үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту қажеттілігін қолдаймыз.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне браконьер электр тогымен балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін жаппай жоюдың тәсілін қолдана отырып жасаса, браконьердің

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыру, алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу енгізуді ұсынамыз.

Төртінші мәселе бойынша:

Жамбыл облысының аумағында балық отырғызу материалын өсірумен айналысатын «Сандель», «Алтын бұлақ», «Алтынай», «Goldfish» шаруа қожалықтарының балық өсіру тәлімбақтары бар, тәлімбақтар 17,5 млн. дана шабақ дайындауға қуатты. Аталған тәлімбақтар облысымыздағы балық өсірушілердің қажеттілігін толық қамтамасыз ете алады.

Сондай-ақ, қолданыстағы «Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына сәйкес тауарлы балық өсірушілерге отандық селекциядағы балық өсіру материалын сатып алу шығыстарының 50%-ын өтеу қарастырылған.

Бесінші мәселе бойынша:

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 «Қазақстан Республикасының Су Кодексі»-нің 88-бабы 1-тармағы 2-тармақшасының талаптары 2003 жылдан бұрын су тарту және ағызу құрылыстары жүргізілген су қоймаларына қолданылмайды.

Алдағы уақытта, жаңадан салынатын су қоймаларында су тарту және ағызу құрылыстары жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының Су Кодексінің талаптары назарға алынатын болады.

Алтыншы мәселе бойынша:

Қазіргі таңда балық шаруашылығымен айналысуға ниетті инвесторлардың шотында жүз елу мың айлық есептік көрсеткіштің көлемінде қаржының болмауы, жоспарланған инвестициялық жобаларды іске асыруға кедергі келтіруде. Осыған орай, Қағидалардағы жобалардың санаты мен өңірлік маңызын ескере отырып, инвесторға қойылатын біліктілік талаптарды қайта қарау қажеттілігін қолдаймыз.

**Жамбыл облысы әкімінің
міндетін атқарушы**

Н. Календеров



ӨКІМ

2025 жыл 10 сәуір

Тараз қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

78-Ж/Қ-М

№

город Тараз

Іссапарға шығу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38 және 57-баптарына, 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» және 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес:

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты 2025 жылғы 11 сәуірден бастап 2025 жылғы 12 сәуір аралығында Астана қаласына іссапарға шығамын.

2. 2 (екі) күнтізбелік күн көлемінде тәуліктік ақысы, 1 (бір) күнтізбелік күн көлемінде Астана қаласында тұрғын үй-жайды жалдау және экономикалық класс тарифі бойынша әуе көлігімен Тараз-Алматы-Астана-Тараз бағыты бойынша жол жүру шығыстары өтелсін.

3. Жамбыл облысы әкімінің міндетін атқаруды Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нуржан Сабитович Календеровке жүктеймін.

Жамбыл облысының әкімі



Е. Қарашөкеев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СУ РЕСУРСТАРЫ
ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ВОДНЫХ РЕСУРСОВ И
ИРРИГАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 16В кіреберіс
тел.: +7 7172 74-14-55, 74-03-64, 74-05-36, 74-11-79
e-mail: kense@minsu.gov.kz

010000, г. Астана, проспект Мангилик Ел, 8
«Дом Министерств», 16В подъезд
тел.: +7 7172 74-14-55, 74-03-64, 74-05-36, 74-11-79
e-mail: kense@minsu.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-146 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздің жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Ақпараттық жүйелері біріктірілген су қоймалары мен балық қорларының жай-күйіне қатысты деректердің цифрлық есепке алу жүйесіне қатысты.

Министрлік су шаруашылығын басқару процестерін цифрландыру, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру, сондай - ақ олардың ағымдағы жай-күйін мониторингілеу және болжау үшін су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – СРҰАЖ) әзірлеуде. Жүйенің негізгі міндеті - суды пайдалану мен су ресурстарын қорғауға байланысты шешімдер қабылдау кезінде ашықтықты, автоматтандыруды және аналитикалық қолдауды қамтамасыз ету.

Жүйенің негізгі мақсаттарының ішінде су ресурстарын басқару процестерін цифрландыру мен оңтайландыруды, нақты уақыт режимінде су объектілерінің жай-күйін бақылауды, қысқа және ұзақ мерзімді перспективада су ресурстарын пайдалануды болжау мен талдауды, сондай-ақ басқарудың кешенді тәсілін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялауды бөліп көрсетуге болады.

Жүйені енгізу нәтижесінде су ресурстарын есепке алу және басқару үшін бірыңғай цифрлық платформа құру, мемлекеттік жүйелермен интеграциялау арқылы деректердің қайталануын жою, су ресурстарын пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ су тапшылығына немесе төтенше жағдайларға байланысты дағдарыстардың алдын алу үшін аналитикалық және болжамдық құрамдас бөлікті күшейту күтілуде.

Ағымдағы уақытта су алу, пайдалану және су бұру бойынша есептілікке (2ТП-су шаруашылығы), суды бастапқы есепке алуға (СБЕ) және су ресурстарының ағымдағы жай-күйінің жедел мониторингіне байланысты жүйе модульдерін әзірлеу аяқталуда. Модульді әзірлеу аяқталғаннан кейін жүйені пилоттық тестілеу және пайдаланушыларды оқыту жоспарлануда.

Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін іске асыру 2025 жылдың соңына дейінгі кезеңге жоспарланған.

Сондай - ақ, Балық шаруашылығы комитетінің ақпаратына сәйкес, қазіргі уақытта «Балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі» ақпараттық жүйенің құру жөніндегі негізгі жұмыстар аяқталған және мемлекеттік органдар жүйелерімен интеграциялық өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктерін тестілеу қамтамасыз етілген.

Өткен жылдың шілде айында «Балықтар мен басқа да су жануарларының мониторингі» балық және балық өнімдерін қадағалаудың ақпараттық жүйесі пилоттық режимде іске қосылды. Бүгінгі таңда жүйеде 490 балық шаруашылығы субъектісі тіркелген.

Ақпараттық жүйе балықтар мен балық өнімдерінің шығу тегінің заңдылығын растайтын құжаттарды беруге қатысатын мемлекеттік органдардың («Е-лицензиялау» (ЦДИАӨМ), ЕАБ және ЕБОП (БП), ЖАО, сондай-ақ «Кеден» (ҚР Қаржымині) ақпараттық жүйесімен интеграцияланған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен «E-Agriculture» және «E-fish» АЖ-ны ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік хаттамасынсыз толыққанды интеграциялау туралы бірлескен бұйрығы әзірленіп, келісілді.

Осы жүйелердің интеграцияланған өзара іс-қимылы экспортталатын балық көлемінің балық аулаудың шығу тегі туралы анықтама бойынша көлемнен асып кетуі тіркелген жағдайда ветеринариялық құжаттардың берілуіне тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы бар су қоймаларындағы шлюздер, бөгеттер, суағызғыштар, қорғанышторлармен каналдар сияқты құрылыстардың техникалық түгендеуін жүргізуге қатысты.

Жоғарыда көрсетілген СРҰАЖ - да паспорттық деректері бар және Қазақстан Республикасының картасында көрсетілетін гидротехникалық құрылысжайлардың (бұдан әрі – ГТҚ) тізілімі көзделгенін атап өту қажет.

Сонымен қатар, республика бойынша барлығы 13259 ГТҚ бар, оның ішінде республикалық меншікте 6413 ГТҚ, коммуналдық меншіктегі 6309 ГТҚ, жеке меншіктегі 533 ГТҚ және 4 ГТҚ иесіз (су қоймалары - 404, бөгеттер - 137, бөгеттер - 465, су тораптары - 122, тоғандар - 265, су өткізу және су бұру құрылыстар - 2, каналдар – 8577 және басқа ГТҚ (коллекторлық-дренаждық жүйелер) - 3287).

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 32-бабының 1 тармағына сәйкес, су шаруашылығы құрылыстарының меншік иелері су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс режимінің, сондай-ақ бөгеттердің қауіпсіздігі

саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың сақталуы үшін жауапты болады.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған жүйелерді Министрлік ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес СРҰАЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгеннен кейін интеграциялау мәселесін қарастыруға дайын екенін білдіреді.

Апатты жағдайдағы объектілерді жоспарлы реконструкциялау тәртібін бекітіп, мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін қарастыруға қатысты.

Министрлік су шаруашылығы инфрақұрылымдарының қауіпсіздігі мен дамуын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын (28.08.2024 ж. № 694) (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірледі.

Кешенді жоспар шеңберінде жай-күйі мен қауіпсіздігін бағалау, жобалық шешімдерден ауытқуларды анықтау және авариялық жағдайларды болдырмау мақсатында 557 ГТҚ-ға көпфакторлы зерттеулер жүргізу, оның ішінде 5,9 млрд теңге сомасына 168 республикалық ГТҚ, 6,1 млрд теңге сомасына 389 коммуналдық ГТҚ жоспарланған.

Анықтама: 2025 жылы 1,6 млрд теңге сомасына 105 ГТҚ - ға, 2026 жылы 2,8 млрд теңге сомасына 151 ГТҚ-ға көпфакторлы тексеру жүргізу жоспарлануда, 2027 жылы - 0,98 млрд теңгеге 66 ГТҚ, 2028 жылы-5,2 млрд теңгеге 153 ГТҚ.

2024 жылы 84 ГТҚ-қа көпфакторлы зерттеулер жүргізілді, бұл 82 ГТҚ жоспары кезінде 102,4 % - құрайды, бөлінген 1,4 млрд. теңгеден 1,3 млрд. теңге игерілді (ЖАО - 456,3 млн. теңге, «Қазсушар» РМК - 864,1 млн. теңге),

Анықтама: Абай облысы – 19 ГТҚ, Жамбыл облысы – 17 ГТҚ, Батыс Қазақстан облысы– 11 ГТҚ, Ақмола облысы – 9 ГТҚ, Павлодар облысы – 8 ГТҚ, Қызылорда облысы – 5 ГТҚ, Шығыс Қазақстан облысы – 4 ГТҚ, Жетісу облысы – 3 ГТҚ, Қарағанды облысы – 2 ГТҚ, Түркістан облысы – 2 ГТҚ, Қостанай облысы – 2 ГТҚ, Ақтөбе облысы – 1 ГТҚ, Алматы облысы – 1 ГТҚ.

Сонымен қатар, Кешенді жоспарда 130 ГТҚ-ны күрделі жөндеу және реконструкциялау жөніндегі іс-шаралар енгізілген.

Анықтама: Абай облысы- 10 ГТҚ, Ақмола облысы- 10 ГТҚ, Ақтөбе облысы- 2 ГТҚ, Алматы облысы - 7 ГТҚ, Жамбыл облысы - 3 ГТҚ, Жетісу облысы - 8 ГТҚ, Шығыс Қазақстан облысы-11 ГТҚ, Батыс Қазақстан облысы- 30 ГТҚ, Қарағанды облысы - 6 ГТҚ, Қостанай облысы - 9 ГТҚ, Қызылорда облысы - 4 ГТҚ, Маңғыстау облысы - 1 ГТҚ, Павлодар облысы - 2 ГТҚ, Солтүстік Қазақстан облысы - 4 ГТҚ, Түркістан облысы - 21 ГТҚ, Ұлытау облысы -2 ГТҚ.

Жалпы, Сіз айтқан мәселелер өзекті болып табылады және оларды шешу Министрліктің тұрақты бақылауында болады.

**Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің міндетін атқарушы**

Н. Алдамжаров



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

2025 жылдың 15 сәуірі № 384

Іссапарға жіберу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57 және 38 баптарына, «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулыларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты Абай облысының Су саласы нысандарын аралау және су үнемдеу мәселесі бойынша Семей қаласының мектеп оқушыларымен кездесу мақсатында 2025 жылғы 16 сәуірден бастап 18 сәуір аралығында (қоса есептегенде) Семей қаласына іссапарға шығамын.

2. Күнтізбелік 3 күн көлемінде тәуліктік ақысы, күнтізбелік 2 күнге тұрғын үй жалдау және эконом. класстың тарифімен әуе көлігі жолымен Астана-Семей-Астана бағыты бойынша жол жүру шығындары Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің қаражаты есебінен өтелсін.

3. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министрі Нурлан Жанузакович Алдамжаровқа жүктелсін.

Министр



Н. Нұржігітов



010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3-кіреберіс,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств,
проспект Мәңгілік Ел, 8, 3-подъезд,
тел.: +7 (7172) 55 57 63, +7 (7172) 55 58 40,
e-mail: office@minagri.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 27 наурыздағы № ДС-146 сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ), Сіздердің балық шаруашылығы саласындағы бірқатар маңызды мәселелерге қатысты сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығына бақылаудың жеткіліксіздігі жөнінде

Қазақстанда шамамен 400-ге жуық көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы бар. Олардың саны жыл сайын көбейіп келеді.

2023 жылы акваөсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялауға 1,8 млрд теңге бөлініп, оның 1,1 млрд теңгесі игерілген. Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізетін субъектілерден 26 өтінім түсіп, 198,1 млн теңге субсидия төленген. 2024 жылы 2,2 млрд теңге бөлініп, оның 1,8 млрд теңгесі игерілген. Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізетін субъектілерден 30 өтінім түсіп, 291,7 млн теңге субсидия төленген.

Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізетін субъектілері субсидияны балықтың азығына, балық шабақтарына және балық өсіру-биологиялық негіздемеге алған.

Қазіргі кезде, осы шаруашылық қызмет түрін жүргізу үшін Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шартына (ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығына 3-қосымша) сәйкес міндеттемелер жүктеледі және Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарына сәйкес жыл сайын балық өсіру жүзеге асырылады.

Осы шарттың және дамыту жоспарының орындалуына бақылауды АШМ Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары жүргізеді.

Өздеріңізге белгілі, 2025 жылғы 12 наурызда Парламент Мәжілісі қабылдаған «Аквашаруашылық туралы» Заңында аквашаруашылық саласындағы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару немесе бармай арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қарастырылған.

Сонымен қатар, аквашаруашылық саласында ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы арнайы бап қарастырылған.

Осыған орай, аквашаруашылық саласындағы бақылау объектілері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес бекітілетін тексеру парағында айқындалатын болады.

Су және ирригация министрлігі мен тиісті ведомстволардың ақпараттық жүйелері біріктірілген су қоймалары мен балық қорларының жай-күйіне қатысты деректердің цифрлық есепке алу жүйесін енгізу бойынша

Қазіргі кезде, «e-fish» балық және балық өнімдерін қадағалаудың ақпараттық жүйесі әзірленді және ол 2023 жылғы 22 тамызда «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-да жұмысқа қабілеттілікке және ақауларға төзімділікке тестілеуден сәтті өтті. 2023 жылғы 27 желтоқсандағы сынақ хаттамасына сәйкес, ақпараттық жүйе ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді.

Бүгінгі таңда жүйеде 501 балық шаруашылығының субъектісі тіркелген және тіркелу жалғасуда.

Сонымен қатар, ақпараттық жүйе балық пен балық өнімдерінің заңдылығын растайтын құжаттарды беруге қатысатын мемлекеттік органдардың (ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі, ҚР Бас прокуратурасының Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімі және Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі, сондай-ақ Қаржы министрлігінің «Кеден» ақпараттық жүйесі) ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған. Бұл ретте, «E-agriculture» агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесімен интеграция жұмыстары жасалуда.

Айтылғандардың негізінде, «e-fish» жүйесін ҚР Су және ирригация министрлігінің ақпараттық жүйесімен интеграция жасау бойынша мәселелері талқыланып, тиісті мемлекеттік органдармен пысықталатын болады.

Су қоймаларындағы гидротехникалық құрылыстардың техникалық түгендеуін жүргізу бойынша

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 32-бабының 1-тармағына сәйкес, су шаруашылығы құрылыстарының меншік иелері су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс режимінің, сондай-ақ бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың сақталуы үшін жауапты.

Қазіргі кезде, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігімен су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі әзірленуде, бұл ақпараттық жүйе

аясында гидротехникалық құрылысжайлардың тізілімін жүргізу көзделген. Олардың инфрақұрылымдарының қауіпсіздігі мен даму мәселелерін шешу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 694 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында қарастырылған.

Осыған орай, балық шаруашылығын жүргізуге берілген су қоймалардағы су шаруашылығы және гидротехникалық құрылыстардың түгендеуін және инфрақұрылымын жаңарту мәселелері ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігімен жүргізіледі.

Браконьерлікпен күресу бойынша қылмыстық жауапкершілікті күшейту

Балық қорғау инспекциясы құқық қорғау органдарымен бірлесіп күн сайын браконьерлік фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізеді. Осы жұмыс шеңберінде 2024 жылы 6 мыңнан астам бұзушылық анықталды, шамамен 115 млн. теңге айыппұл салынды, 30 тоннаға жуық заңсыз ауланған балық тәркіленді, 159 қылмыстық іс қозғалды, оның 5-і тыйым салынған балық аулау құралдарын (электр ток) пайдаланғаны үшін. Жалпы 35 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қалған фактілер бойынша материалдар өндірісте (тергеу органдары мен сотта).

Браконьерлікпен күресті күшейту үшін соңғы үш жылда 89 бірлік автокөлік (90% жаңартылды) және 53 жүзу құралы (50% жаңартылды) сатып алынды. Планшеттер, бейнетіркегіштер, түнгі көру құралдары, байланыс және навигация құралдары, дрондар сатып алынды, сондай-ақ нысанды киім-кешек жаңартылды.

Жалпы, 2019 жылы ҚК-нің 335-бабының санкциялары «қылмыстық теріс қылықтан» «қылмыстың орташа ауырлығына» дейін қатаңдатылды. Бұрын ҚК-нің 335-бабының бірінші бөлігінде 160 АЕК-ке дейін айыппұл болған, қазір қолданыстағы санкция 3000 АЕК-ке дейін, сондай-ақ, егер бұрын қоғамдық жұмыстар санкциясы 160 сағатқа дейін болса, ал қазір қоғамдық жұмыстар 800 сағатқа дейін көзделген. Қамауға алу 40 тәулікке дейінгі мерзімнен 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруға ауыстырылды.

Сол сияқты ҚК-нің 335-бабының екінші бөлігі бойынша айыппұл сомасы 200 АЕК-тен 4000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды, ал қоғамдық жұмыс 200 сағаттан 1000 сағатқа дейін ұлғайтылды.

Сонымен қатар, 50 тәулікке дейін қамауға алудың орнына қазір 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Сондықтан ҚК-нің 335-бабы бойынша жазаны қатаңдатудың шұғыл қажеттілігі жоқ. Бұл ретте, балық аулау инспекциясына тыйым салынған балық аулау құралдарын пайдалануға жол бермеу туралы халық арасында бақылау мен түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Сапалы балық отырғызу материалымен қамтамасыз ету бойынша

АШМ балық өсімін молайтуды дамыту бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

Мәселен, екі мемлекеттік балық питомнигі мен Атырау қаласындағы бекіре шабағын өсіру зауытын жаңғырту және реконструкциялау жұмыстары басталды.

Балық шаруашылығы су айдындарын жасанды молықтыру және балықтандыру көлемін ұлғайту үшін, ең алдымен, мемлекеттік балық өсіру кәсіпорындарының қуатын арттыру қажет. Бұл жыл сайынғы көлемді 2030 жылға дейін бекіре тұқымдас балықтардың шабақтарын 5-тен 8 млн. данаға дейін өсіруге, тұқы (карп) тұқымдас балықтардың шабақтарын 12-ден 15 миллион данаға дейін, ақсақа балық түрлерінің дернәсілдерін 35-тен 100 млн данаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Атырау қаласындағы өндірістік базаны жаңғырту бекіре балық өсіру зауытында жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталды және сараптамаға енгізілді. Құрылыс-монтаж жұмыстары ағымдағы жылдың тамыз айында бастау жоспарлануда. Осындай жұмыстар Петропавл және Қамыстыбас балық питомниктерінде басталды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда жеке балық өсіру шаруашылықтары мен балық шаруашылығы су айдындарының пайдаланушыларымен балықтандыруды жүргізу жұмыстарының тиімділігіне талдау жүргізілуде. Сондай-ақ, тиісті қағидаларға су қоймаларын балықтандыру жұмыстарын комиссиялық қабылдау бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы электронды есептегіштер сатып алынды, олар мемлекеттік тапсырыс шеңберінде су айдындарын балықтандыру кезінде шабақтарды есептеуге пайдаланылатын болады.

Жалпы, жеке балық питомниктері үшін мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, Балық шаруашылығы субъектілерін инвестициялық субсидиялау қағидаларына сәйкес (*ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 219 бұйрығы*) балық питомнигіне қажет жабдықтар мен техникалар сатып алу кезінде бизнестің инвестициялық шығындардың 25% өтеу мүмкіндігі бар.

Су тарту құрылғыларына балық қорғау құрылғыларын орнату міндеттілігіне қатысты

ҚР Су кодексінің 88-бабының мен «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға сәйкес, балық қорғау құрылғыларынсыз су тарту және ағызу құрылыстарын пайдалануға беруге тыйым салынады.

Алайда, өздеріңізге белгілі бүгінгі таңда балық қорғау құрылғыларынсыз су тарту және ағызу құрылыстарын пайдалануда. Бұл әсіресе өткен ғасырдың 20-70 жылдарында пайдалануға берілген су тарту және ағызу құрылыстары.

АШМ Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары жергілікті атқарушы және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, суды ағызу кезінде су айдындарынан, оның ішінде күріш алқаптарынан, каналдардан балықтардың өлімінің алдын алу

бойынша тұрақты іс-шаралар өткізеді. Нәтижесінде жыл сайын шамамен 7 млн. дана балық шабақтары құтқарылады.

Сонымен қатар, облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары «Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу» мемлекеттік қызметін көрсетеді. 2021-2024 жылдар аралығында 55 келісім берілген және 13 өтінімді мақұлдаудан бас тартылған.

Жалпы, қолданыстағы заңнамаға сәйкес балық қорғау инспекциялары су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияларымен бірлесіп су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды міндеттеуді қамтамасыз ету бойынша шараларды жалғастыратын болады.

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін су айдындардың учаскелерін конкурс өткізілмей бекітіп беру туралы

Су айдындарын конкурстық берудің негізгі мақсаты – саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.

Өздеріңізге белгілі, «Аквашаруашылық туралы» Заңы (бұдан әрі – Заң) 2025 жылғы 12 наурызда ҚР Парламент Мәжілісімен қабылданып, ҚР Парламент Сенатына жолданды.

Заң шеңберінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының тор қоршамада балық өсіру үшін халықаралық және республикалық маңызы бар ірі су айдындарының учаскелерін беру туралы норма сақталды, олардың тізімін уәкілетті орган қалыптастыратын болады. Халықаралық және республикалық маңызы бар қалған су айдындары, сондай-ақ жергілікті маңызы бар су айдындары бәсекелестік ортаны сақтай отырып, конкурс арқылы берілетін болады.

Бұл ретте әлеуетті инвесторларға тор қоршамада балық өсіру шаруашылықтарын құру үшін Каспий теңізі, Бұқтырма су қоймасы сияқты ірі және терең су айдындарында резервтік учаскелер беру жоспарлануда.

Заң жобасында әлеуетті инвесторлар үшін біліктілік талаптары мен міндеттемелері көзделеді. Негізгі шарттар мен тәртіп Заңда көзделген.

Бекіту туралы шешімді құрамына уәкілетті органның, ЖАО, бассейндік су инспекциясының, салалық қауымдастықтың және «Атамекен» ҰКП өкілдері енгізілетін инвестициялық комиссия қабылдайтын болады. Инвесторлардың өтінімдері кезектілік тәртібімен қаралатын болады.

Бұл тетік инвесторға су қоймасын беру кезінде жалғыз шешім қабылдауға жол бермейді және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге, тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді.

Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтаманы беру рәсімін нақтылауға қатысты

Бүгінгі күнге, балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру мемлекеттік қызметін көрсету Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 12 тамызындағы № 188 бұйрықпен бекітілген Қағидамен реттелген.

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы электронды түрде көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажет құжаттарды портал арқылы ұсынады. Ұсынылған құжаттар негізінде көрсетілетін қызметті беруші шешім қабылдайды.

Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтаманы жазуға балық ресурстары мен басқа да су жануарларын алып қоюға бөлінген квота, балықтың нақты ауланғанын растайтын құжаттар шегінде, мелиорациялық аулау, сондай-ақ қолдан өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты шеңберінде рұқсат етіледі.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 7-бабына сәйкес, 2020 жылдан бастап АШМ құрылымдық бөлімшелері берілген ветеринариялық құжаттарды балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтамалармен салыстырып тексереді.

Бұл ретте, мониторинг барысында анықталған мәліметтер процессуалдық шараларды қабылдау үшін ҚР Қаржы мониторингі жөніндегі агенттікке жіберілді (2022 жылғы 18 қарашадағы № 03-30/4012-И, 2024 жылғы 12 ақпандағы № 07-30/620-И хаттар).

ҚР Бас прокуратурасымен бірлесіп балық ресурстарының көлеңкелі айналымына қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізілуде.

Нәтижесінде балықты заңсыз аулаудың, заңдастырудың және контрабанданың ұйымдастырылған және тұрақты схемалары ашылуда.

2024 жылы балық өнімдерін контрабандалау фактілері бойынша ҚК 234-бабымен 4 сотқа дейінгі тергеу басталды.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың екінші жартысында «E-Agriculture» БААЖ АЖ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар өткізу белгіленді, оның нәтижелері бойынша «e-fish» ақпараттық жүйені толыққанды іске қосу мүмкін болды.

Аталған екі ақпараттық жүйені интеграциялау балық аулау лимитінен асып кеткен жағдайда, балық өнімінің экспортына ветеринариялық құжаттардың берілуіне тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

А. Сұлтанов



БҰЙРЫҚ

21.04.2025 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 11-1-5/156

город Астана

Иссапар туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республика Заңының 38 және 57-баптарына, 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» және 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысымен танысу және халықпен кездесу үшін 2025 жылғы 23-25 сәуір аралығында күнтізбелік 3 (үш) күнге Маңғыстау, Атырау облыстарына іссапарға кетіп барамын.

2. Астана – Ақтау – Атырау – Астана бағыттарында әуе көлігін пайдаланып тәуліктік төлемақысы күнтізбелік 3 (үш) күнге, күнтізбелік 2 (екі) күнге қонақ үйде тұру шығындары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 001/123 «Ағымдағы әкімшілік шығыстар» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі есебінен төленсін.

3. Иссапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін (кадр мәселелерін қоспағанда) уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сиражиддинович Султановқа жүктеймін.

Министр



А. Сапаров

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

ӘКІМІ



АКИМ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161200, Түркістан қ., Жаңа қала шағын ауданы, 32 көшесі, ғимарат 18,
тел.: 8 (72533) 5-93-98; ММ коды 1203501;
БИК ККМФКЗ2А, ИИК KZ42070102KSN5801000, БИН 000340005140
Түркістан облысы бойынша, ҚР ҚМ “қазынашылық департаменті” ММ

161200, город Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, здание 18,
тел.: 8 (72533) 5-93-98; код ГУ 1203501;
БИК ККМФКЗ2А, ИИК KZ42070102KSN5801000, БИН 000340005140
ГУ “Департамент казначейства” по Туркестанской области КК МФ РК

№

Қазақстан Республикасы
Парламент мәжілісі
«Ауыл» партиясы»
фракциясы мен
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының
депутаттарына

2025 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-146 депутаттық сауалға

Әлеуеті зор экономика салаларының бірі - балық шаруашылығы саласы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі №208 қаулысымен, Түркістан облысы бойынша 2030 жылға дейін 10 жыл ішінде тауарлық балық өсіру көлемін 20,0 мың тоннаға жеткізу қажет.

Қазіргі таңда, облыста тауарлы балық өсірумен айналысатын шаруашылықтардың саны 231-ге жетіп, оның 164-ы Облысарылық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен заңдастырылған.

Сонымен қатар, облыста жергілікті маңызы бар 104 су айдыны тізбеге енгізіліп, конкурстық негізде 81 су айдыны бекітіліп берілген, 23 су айдыны резервте орналасқан.

Оның 64 су айдыны көлде тауарлы балық шаруашылығын жүргізу үшін, 17 су айдыны кәсіпшілік балық шаруашылығын жүргізу үшін табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген.

Қазіргі таңда, «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының теңгерімінде 20 су қойма және «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорнының теңгерімінде 18 су қойма тіркеліп, оның ішінде Шардара су қоймасында ғана су тарту және су ағызу құрылысында балық қорғау құрылғылары орнатылған.

Сондай-ақ, облыстағы балық ресурстарын заңсыз аулау, сату және пайдаланудың жолын кесу мақсатында Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 24 қаңтардағы №20 қаулысымен «Мамандандырылған «Қорған» жедел қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, сұғанақтыққа қарсы жұмыс жасауда.

Сонымен қатар, облыста балық шаруашылығын дамыту, жаңадан балық шаруашылықтарын құру бойынша Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Балық шаруашылығы инспекциясы қызметкерлерімен аудан, қала әкімдіктерінде түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Қосымша 1 парақта.

**Облыс әкімінің
міндетін атқарушы**

З. Жолдасов

орын.: Қ.Жорабаев
тел.: 8 (72533)-5-98-45
kh.zhorabaev@ontustik.gov.kz



ӨКІМ

2025 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІР

Түркістан қ.

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 04-05/148ө

г. Туркестан

Иссапар туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабы 3-тармағына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38, 57-баптарына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында тұрғындарымен кездесу өткізу үшін, 2025 жылдың 25 сәуір күні Сайрам, Түлкібас аудандарына қызметтік автокөлікпен іссапарға шығамын.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күнтізбелік 1 күн көлемінде тәулік ақысы өтелсін.

3. Менің іссапар кезеңімде 2025 жылғы 25 сәуір күні облыс әкімінің міндеттерін атқаруды облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Сансызбайұлы Жолдасовқа жүктеймін.



Н. Көшеров